



Мемлекеттік тапсырыс объектілеріне мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау ұйымдастыру және өткізудің тәртібі жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2000 жылғы 18 ақпан N 141. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде басқармасында 2000 жылғы 24 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1098. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 16 наурыздағы N 209 (V042778) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Z970163_ 1997 жылғы 16 шілдедегі N 163 Заңын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 қыркүйектегі N 876 P930876_ "Ғылыми-техникалық қызметте сараптауды ұйымдастыру және өткізу туралы" қаулысын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335 P981335_ "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалардың әкімші-мекемелерінің мәселелері", 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 P990145_ "Республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру және жүзеге асырудың кейбір мәселелері туралы", 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 P991754_ "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" қаулыларын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Мемлекеттік тапсырыс объектілеріне мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау ұйымдастыру және өткізудің тәртібі туралы" Нұсқаулық бекітілсін (әрі қарай Нұсқаулық).

2. Ғылым департаменті (М.Қ.Әбсәметов) заңдарда белгіленген тәртіппен Нұсқаулықты мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-Министрі Е.Е.Ергожинге жүктелсін.

Министр
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 0 0 ж ы л ғ ы 1 8 а қ п а н д а ғ ы
N 1 4 1 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

**Мемлекеттік тапсырыс объектілеріне мемлекеттік
ғылыми-техникалық сараптау ұйымдастыру және жүргізу**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен қолданбалы ғылыми-зерттеу бағдарламаларының әкімшілері (Қазақстан Республикасының министрліктері мен агенттіктері), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламенттің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік тапсырыс объектілері (нысандары) бойынша мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау өткізудің және қорытынды әзірлеудің тәртібін белгілейді.

2. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау (бұдан әрі - МҒТС) - бұл Қазақстан Республикасының ғылыми мен ғылыми-техникалық салада мемлекеттік тапсырысты орналастыру мәселелері жөнінде және ғылыми-техникалық өрлеудің маңызды мәселелері бойынша қабылданатын шешімдердің негізділік деңгейін көтеру мақсатында сараптау объектісінің тәуелсіз талдау үшін мемлекеттік билік пен басқару органдарының тапсырысы арқылы жүргізілетін бағалау әрекеттері мен қорытындылар жүйесі.

3. Мемлекеттік тапсырыс негізінде іске асырылатын ғылыми-техникалық қызмет объектілері МҒТС міндетті болып табылады және мемлекеттік тапсырыс объектілерін қаржыландыру (іске асыру) туралы алдын ала шешім қабылдап, тиісті ғылыми-техникалық бағдарламаларды қаржыландыру шегінде ғылымға бөлінетін республикалық бюджет қаржылары есебінен жүргізіледі.

4. Осы Нұсқаулықтың құқықтық негізі мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы N 163 "Мемлекеттік сатып алулар жөнінде" Заңы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 желтоқсандағы N 306 Заңына сәйкес енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге:

2) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 қыркүйектегі N 876 "Ғылыми-техникалық қызметте сараптауды ұйымдастыру және өткізу туралы" қаулысы;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335 "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалардың әкімші-мекемелерінің мәселелері" қаулысы;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 "Республикалық бюджет қаржысы есебінен орындалатын қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қалыптастырудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысы;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" қаулысы;

5. Мемлекеттік тапсырыс объектілерін МФТС негізгі міндеттері:

1) республиканың ғылыми-техникалық әлеуетінің жағдайы мен даму нәтижесінен бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін бағалау ;

2) кәсіби зерттеулер жүргізуде мазмұндық, ұйымдық, материалдық, ақпараттық қамтамасыз ету бойынша сараптау объектілерін нақты және кешенді з е р т т е у ;

3) Сараптау объектілерін қазіргі заңның талаптары мен нормаларына, Қазақстан Республикасы бекіткен ғылыми-техникалық басымдықтары мен әлеуметтік-экономикалық даму бойынша жүргізілген конкурс шарттарына және ғылыми, техникалық және технологиялық білімнің қазіргі деңгейіне мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаттың көзқарасына, ұлттық қауіпсіздік, экономикалық мақсат талаптарына сәйкес тексеру;

4) зерттеудің бағдарланатын мақсаттарының маңыздылығын олардың мүмкіндіктерін жоспарлы шаралар арқылы жету, күтілетін еңбек шығындары, қаржы, материалдық ресурстардың қажеттілігі мен жеткіліктілігін бағалау:

5) қолда бар ғылыми-техникалық әлеуетті пайдаланудың тиімділігін талдау, ғылыми-зерттеу жұмыстарының, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық әзірлемелердің нәтижелілігін бағалау;

6) алынатын нәтижелердің маңыздылығын (орындалу, аяқталу және өндіріске енгізу кезеңдерінде), жұмсалған қаражаттың тиімділігін бағалау және қаржыландыруды ұзарту, өзгерту және тоқтатылуы жөнінде ұсынымдар жасау;

7) бағдарламаларды, жобаларды және ұсынымдарды жүзеге асырудың ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық нәтижелерін және экологиялық з а р д а п т а р ы н б а ғ а л а у ;

8) ғылыми жұртшылықты ғылыми-зерттеулер ұйымдастыру және сараптау жұмысының тиімділігін арттыру мәселелерін шешуге тарту.

6. Мемлекеттік тапсырыс объектілерін МФТС негізгі ұсынымдары мыналар б о л ы п т а б ы л а д ы :

1) арнайы тетіктерін жүзеге асыруды алдын ала болжайтын, сараптама нәтижесін бұрмалауға бейім сыртқы әсерді тым азайтатын тәуелсіздік және н а қ т ы л ы қ ;

2) сараптау жүргізетін тұлғалар мен ұйымдардың біліктілігі және жоғары к ә с і б и д е ң г е й і ;

3) ғылым мен техниканың дамуының әлемдік деңгейіне, технологиялық және экологиялық қауіпсіздіктің ережелері мен нормаларына, халықаралық келісімдер мен стандарт талаптарына бағдарлануы;

4) сараптық жұмысты ұйымдастырудың және оны нормативтік,

ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің жүйелілігі;

5) қолданылатын және әзірленетін ақпараттың толықтығы мен шынайылығы;

6) сараптама ұсынымының анықтығы толықтығы және негізділігіне жауапкершілік;

7) сараптама объектісін жүзеге асыруда ғылыми-техникалық, экономиялық, экологиялық және әлеуметтік салдарын бағалауға кіретін кешенділік;

8) сараптамаға қатысушылардың қоғамдық ашықтығы мен құқықтық қорғалуы.

7. МҒТС субъектілеріне мыналар жатады:

ізденуші-сараптама объектісі бойынша ұсыныс беретін және мемлекеттік тапсырыс негізінде қаржы алуға үміткер немесе объектіні іске асыруға рұқсат алатын субъект, жеке және заңды тұлға;

тапсырыс беруші - сараптама объектісі бойынша шешім қабылдайтын және МҒТС жүргізуге тапсырыс беретін субъект - іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу бағдарламаларының әкімшілері (Қазақстан Республикасының министрліктері мен агенттіктері), Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі;

ұйымдастырушы - МҒТС тапсырысын ұйымдастыруды ісін қамтамасыз ететін субъект (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің сәйкес құрылымдық бөлімдері);

атқарушы-ізденушінің ұсыныстарын талдаушы және сараптама қорытындысын беретін субъект - тәуелсіз сарапшы (жоғары білікті ғалымдар, мамандар, оның ішінде шетелден), сараптау топтары, комиссиялар, кеңестер, ұйымдар, кәсіпорындар, сәйкес мамандықтағы шетелдік компаниялар.

Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы және атқарушы МҒТС процедурасының тікелей қатысушылары болып табылады.

2. МҒТС объектілеріне мемлекеттік тапсырыс жүргізудің жалпы тәртібі

8. Тапсырыс беруші:

1) мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөнінде конкурстық комиссия ұсынған материалдар бойынша МҒТС жүргізу туралы шешім қабылдайды;

2) тапсырысты (келісім) және мына материалдарды ұйымдастырушыға жібереді:

сараптама объектілері бойынша ақпараты бар жолдама хат;

Конкурс туралы хабарлама және конкурстың басымдық бағыттарының тізбесі;

конкурс шарттары, конкурстық жобаларды дайындаудың талаптары және оларды бағалау критерийі;

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 1999 ж. 5 сәуірдегі N 158 (мемлекеттік тіркеу N 756, 1999 ж., 12 мамыр) бұйрығымен бекітілген "Республикалық мақсатты және қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларды конкурстық іріктеу тәртібі туралы" Нұсқаулыққа сәйкес жасалған конкурстық жобаларды МФТС-ға жіберу туралы конкурстық комиссиясының хаттамасы;

МФТС жүргізу үшін жіберілген (әр объект бойынша ақпарат көлемі көрсетілген) объектілер тізбесі, сондай-ақ материалдардың өздері (2 дана);

Тапсырыс (келісім) сараптаудың мәні мен объектілері; сараптама жүргізу шарттары тараптардың құқылары мен міндеттері; сараптауды өткізудің мерзімдері; сараптау қорытындысының күші сақталатын мерзім; өзара қаржылық есеп айырысу тәртібі; келісімдік қатынастарды өзгертуге немесе тоқтатуға әсер ететін шарттар; келісім шарттарын орындамау немесе белгілі дәрежеде орындалмауға жауапкершілік; қорытындылардың дұрыстығына жауапкершілік, мұндай жауапкершіліктің әрекет ету мерзімі; объектінің өзіндік ерекшелігінен туындайтын сараптаудың басқа да мәнді шарттарын анықтауы қажет.

9. Тапсырыс берушінің құқығы мынадай:

МФТС баламалы жобалар ұсыну;

МФТС тапсырыстың талаптары орындалмаған жағдайда сараптама қорытындысын қарамау немесе қайта өңдеуге жіберу;
сараптама қорытындысында оның сапасы немесе дұрыстығына келіспегенде сәйкес шағым арыз инстанциясына (19-тармақ) өтініш жасау;

10. Тапсырыс берушінің міндеті:

ұйымдастырушының ақпараттық, қаржылық, материалдық-техникалық, әкімші-құқылық іс әрекетін қамтамасыз ету қажеттігін дер кезінде қанағаттандыру;

ұйымдастырушыдан тапсырыс талабына сай сараптама қорытындысын алуға және оларды сараптама объектісі бойынша шешім қабылдауға қолдану.

11. Ұйымдастырушы:

сараптаманы ұйымдастыру және өткізу үшін қажет ақпаратты қабылдайды, сондай-ақ қаржылық, материалдық-техникалық және өз жұмысын әкімші-құқылық қамтамасыз етеді;

келіп түскен материалдарға алдын ала талдау жасайды, егер материалдарда конкурс шарттарының талаптарынан ауытқулар болса, онда тапсырыс берушіге алдын ала талдау қорытындыларымен МФТС өткізу жөнінде ұсыныстар жібереді (конкурс материалдарына алдын ала талдау жасау дегеніміз әртүрлі көздерден сараптау объектілерін екі рет бюджеттен қаржыландыруды болдырмау үшін міндетті болып саналады);

тапсырыс берушімен сараптау талаптары мен оны орындау шарттарымен

келіседі (қаржыландыру тәртібі, мерзімі және т.б.);

сараптама жасайтындардың жеке құрамын анықтайды, сарапшы ретінде жетекші ғалымдар мен жоғары білікті мамандар шақырылады, ұжымдық сарапшылар ретінде-сараптау топтарын, комиссиялар, кеңестер, сондай-ақ сәйкес біліктілігі бар ұйымдар, кәсіпорындар, шетел компанияларды тартады және олардың жұмысын ұйымдастырады;

жеке және ұжымдық сарапшылардың жұмысының қорытындысын ұсыну тәртібін белгілейді;

орындаушылардан түскен сараптық қорытындыларды талдайды, соның негізінде МФТС қорытындысын жасайды және оларды тапсырыс берушіге жібереді.

12. Ұйымдастырушының құқығы мынадай:

егер сарапшылар сараптама жүргізу талаптарын орындамаса, сараптама қорытындысын қарамау немесе қайта өңдеуге жіберу;

сараптама қорытындысы бойынша тапсырыс берушінің шешімдерімен келіспеген жағдайда сәйкес шағым арыз инстанцияларына (19-тармақ) сүйену.

13. Ұйымдастырушы мынаған міндетті:

МФТС тапсырысын тапсырыс берушінің келісімімен, талаптарға сәйкес уақытында орындауды қамтамасыз ету;

атқарушыны ресурстардың қажетті түрлерімен және қызмет жағдайымен қамтамасыз ету;

сарапшылар жөнінде банк мәліметтерін, сараптау қызметіне тарту дәрежесі мен түрлерін, тапсырыстар орындаудың саны мен сапасы бойынша рейтингке, Қазақстан Республикасының Заңы бойынша жеке құқығына қайшы келмейтін басқа мәліметтерді қалыптастыруға қатысу;

нақты объект бойынша сарапшылардың жеке құрамы жөнінде, сондай-ақ мемлекет немесе сауда құпиясы бар мәліметтердің құпиялығын; санаткерлік меншік; құқығын сақтауды қамтамасыз ету;

өзінің ұйымдастыру шараларын және олардың қорытындысының жариялылығын қамтамасыз ету, сарапшыларға қысым көрсетуге қарсы болады.

14. А т қ а р у ш ы :

тәуелсіз сарапшылар жұмысқа тікелей қатысады, тапсырма талабына және сараптама жүргізу мерзіміне сәйкес оларға ұсынылған объектілерді зерттейді мен бағалайды, сараптама қорытындысын дайындайды және ұйымдастырушыға б е р е д і ;

арнаулы уақытша ұжымдарға біріккендер (қойылған сараптау міндетіне сәйкес ұйымдастырушының жарлығы бойынша құрылған сараптау кеңестері, топтар, комиссиялар) нақты объекті сараптамасының ұжымдық бағасын жасап, ұжымдық сараптау қорытындысын қалыптастырады және оны

ұйымдастырушыға береді.

15. Атқарушының мынадай құқығы бар:
сараптама жүргізуге қажет барлық ақпаратты алады, оның ішінде сараптама жұмыстарын жүргізу барысында пайда болған мәселелер бойынша;
сараптаманың жинақ қорытындысымен келіспеген жағдайда немесе қабылданған шешімдерге өзінің ерекше пікірін айту және сәйкес шағым арыз инстанцияларына (19-тармақ) бару.

16. Атқарушы мынаған міндетті:
тапсырыс талаптарына сәйкес ұйымдастырушының алдында алған шарттық міндеттердің барлығын орындау;
сараптама объектісінің сипаттамасын нақты бағалау;
сараптауға ұсынған деректердің құпиялылығын бұзбау.

17. Ізденушінің тапсырыс берушіге ұсынған және сараптамаға түскен мәліметтердің құпиялылығы төмендегідей қамтамасыз етіледі:
ізденушінің алдын ала қорғауға бейім әзірлемелерін патенттік қорғау;
сарапталатын ақпараттың құпиялылығын сақтау МҒТС ісіне тікелей қатысатын барлығының міндеттілігі.

Ізденушінің талабы бойынша санаткерлік меншік құқығын қосымша қорғау үшін ақпараттың құпиялылығы және жарияламау жөнінде тапсырыс берушімен бірге сараптау өткізуден өзге мақсаттарға, шартта айтылғандай, қабылдайтын жағы (тапсырыс беруші) ақпаратты басқаға бермеу және қолданбау жөнінде жазбаша келісім жасайды. Тапсырыс беруші бұл жағдайда сәйкес ұйымдастырушымен, ал ол өз кезегінде орындаушылармен келісім жасауға міндетті. Келісімдер, сондай-ақ ізденушіден орындаушылардың нақты құрамы жөніндегі ақпаратты құпия ұстауы тиіс. Шартта айтылған ақпаратты ізденушінің сараптауға қатыспайтын ұйымдар мен жеке адамдарға жариялау, пайдалану немесе беру, келісім шарттарын бұзған адам соттық жауапкершілікке тартылады, және ізденушіге оған тигізген зиянның орнын толтыру құқығы қазіргі заңға сәйкес сот тәртібі бойынша іске асады.

18. Мемлекеттік тапсырыс объектілерін бағалауда ең төменгі мынадай талаптар орындалуы тиіс:

1) әрбір объект ең аз дегенде екі тәуелсіз және тең құқылы сарапшымен конкурстық хабарландыруда белгіленген және одан әрі сараптау үшін ақпараттық пакетте әзірленген іріктеу өлшемдері негізінде бағалануы тиіс;

2) қаржыландыру объектілерінің бағасы және ұсыныстары тек қана конкурстық тапсырыста мазмұндалған ақпаратқа негізделуі керек;

3) объект сарабы және сарапталатын материалдардың мазмұнын басқа мақсатқа пайдаланбау міндеті бойынша ақпарат, сондай-ақ сарапшылар жөніндегі мәліметтер мен олардың жұмыс нәтижелерінің құпиялылығы

қ а м т а м а с ы з е т і л у і т и і с ;

4) объектіні бағалауға сарапшы ретінде оның кез келген жетістігіне мүдделі немесе ауытқуы барлар шақырылмайды;

5) объектіні бағалауға шақырылған сарапшылар, сараптама өткізетін объекті әзірлеушілермен байланысуға немесе байланысқа түсуге болмайды.

19. МҒТС шағым арыз инстанциялары мыналар:

ұйымдастырушы шешіміне (сараптаманың жинақ қорытындысы) - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;
сараптама объектісі бойынша тапсырыс берушінің шешіміне - сәйкес жоғарғы орган.

3. Қорытынды ережелер

20. МҒТС жүргізудің нәтижесі жинақ қорытынды болып табылады, ол тапсырыс берушіге шешімдер жасау үшін қарауға және ескеруге алынатын міндетті құжат болып саналады, оны негіздеу үшін осы сараптау жүргізіледі.

21. МҒТС жинақ қорытындысын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-Министрі (Ғылым департаментінің директоры) бекітеді. МҒТС ж и н а қ

қорытындысында нақты параметрлер бойынша берілген сараптық бағалармен бірге мына мазмұндағы қорытындылар болуы керек:

- 1) объект қаржыландыруға ұсынылады;
- 2) объект қаржыландыруға ұсынылмайды;

3) келтірілген ескертулерді ескере отырып объект қаржыландыруға ұсынылады (бұл орайда объект иегерлері тапсырыс берушіге МҒТС ескертпелер есепке алынып немесе оларды дәлелді жоққа шығаруға негізделген материалдар т ү с і р і л у і қ а ж е т) .

22. Тапсырыс беруші мемлекеттік тапсырыс объектісі жөнінде шешім қабылдауда МҒТС қорытындысын пайдаланады.

23. МҒТС қатысушылардың ұйымдық-құқықтық және қаржылай өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңға сәйкес р ә с і м д е л і п , р е т т е л е д і .

24. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.